

ҒТАХР 14.25.01

ҰЛТТЫҚ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІН ТҮСІНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

К.С. Әбдиев¹, Б.Ш. Амзеева²

¹ п.ғ.д., профессор, Алматы, Қазақстан

² 6М012400-«Педагогикалық өлшемдер» мамандығының 2 курс магистранты,

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
email: amzeevabsh@mail.ru

Мақалада білім сапасын басқару үшін Ұлттық мониторинг нәтижелерін түсіндірудің маңыздылығы мен 2018 және 2019 жылдардағы 9 сынып оқушыларының оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелері талданды. Талдау әртүрлі кластерлер бойынша жасалды - мектеп, облыс, ауыл, қала деңгейлері ескерілді. ОЖСБ нәтижелерін өңдеу, түсіндіру және талдау барысында мақала авторлары ғылыми әдістермен қатар, өз тәжірибелерін де пайдаланды. Зеттеу барысында алынған нәтижелер білім беру саласының әртүрлі деңгейлеріндегі басшыларға, мұғалімдерге ұсынылады.

Түйін сөздер: білім сапасын басқару, Ұлттық мониторинг, оқу жетістіктерін сырттай бағалау, функционалдық сауаттылық, кластерлік талдау

Қазақстан ауқымды орталықтандырылған жоспары мен егжей-тегжейлі жүйеленген нормалары қалыптасқан Орталықтандырылған білім беру жүйесіне ие [1; 4]. Менеджмент теориясы бойынша жүйені басқару - бұл болжау, ұйымдастыру, басқару, үйлестіру және бақылау [2; 448]. Осы орайда Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) Білім туралы Заңында білім беру сапасын басқару білім сапасын бағалаудың бірыңғай ұлттық жүйесін құрайтын мемлекеттік және институционалдық құрылымдарды қамтиды делінген [3; 8 тарау, 55 бап].

1999 жылдан бастап енгізілген білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі (бұдан әрі – БСБҰЖ) ҚР-дағы білім сапасын бағалаудың мазмұнын, оның принциптері мен жүзеге асыру жолдарын қарастыра отырып, білім беру сапасына ұлттық бағалау жүргізудің мақсаты мен оның субъектілерінің қызметін анықтап берді [4; 66-77].

Қазақстанда ұлттық мониторинг алғаш рет 2005 жылы мемлекеттік аралық бақылау (бұдан әрі – МАБ) ретінде енгізіліп, 2012 жылдан бастап оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ), яғни орта білім беру ұйымдарының бастауыш (4 сынып), негізгі орта (9 сынып) және жалпы орта білім (11 сынып) деңгейіндегі оқушылардың оқу жетістіктеріне тәуелсіз сырттан бағалау ретінде жалғастырылуда. Яғни, білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында көзделген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау мақсатында жүзеге асырылуда.

Жалпы, тиімді жүйелерде алдын ала өлшенбеген нәрсені жетілдіруге болмайды деп танылады. Білім беру қызметінің сапасын бақылау озық тәжірибені анықтап, таратуға, әлсіз аймақтарды анықтауға және мектептерді өз жұмысының нәтижесіне жауапты етуге мүмкіндік береді [5; 36-41].

Шетелден енген «мониторинг» сөзінің мағынасы «бір нәрсені немесе құбылысты өлшеу, бақылау», болса, «Білім беру мониторингі» - білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау болып табылады [3; 5].

Олай болса 15 жылғы ұлттық мониторинг жүйесімен алынған статистикалық мәліметтер білім беру қызметтерінің сапасын бағалау мен білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау мақсатында жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында орта білім беру мазмұнына жаңарту енгізілгендігі көрсетілген [6; 5], соған сәйкес іргелі-пәндік тәсілге емес, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды қамтитын сын тұрғысынан ойлау мен креативтілікке негізделген білім беру стандарттары жаңартылды (бұдан әрі - стандарт) [7; 1,2,3-қосымшалар]. Оқушылардың білімін бағалау критерийлері, жоспарлар мен бағдарламалар да жаңартылды.

Мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу кезең-кезеңімен жүзеге асырылады [6; 3]. Жаңартылған білім беру мазмұнына өту төмендегідей:

2017 жылы – 1, 2, 5, 7- сыныптар

2019 жылы – 4, 9, 10- сыныптар

2020 жылы – мектепалды, 11- сынып

Орта білім беру мазмұнына жаңарту енгізу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жаңа стандарты мен бағдарламаларының қабылдануы оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни тұрғыдан ойлау, білімі мен біліктілігін шынайы өмірде қолдана білу қабілеттерін дамытуға бағытталған [6; 11].

2012-2016 жылдарға арналған оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған бесжылдық Ұлттық іс-қимыл жоспарында «Мониторинг нәтижелері білім алушының функционалдық сауаттылығының даму динамикасын, мектеп оқушыларының, мұғалімдер мен мектептердің жетістіктерін бағалауды, сондай-ақ стандарттарды, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жаңарту іс-шараларының тиімділігін қамтамасыз етеді» делінген [8; 7]. Осыған орай ОЖСБ рәсімінде функционалдық сауаттылық деңгейлерін айқындауға бағдарланған тестерді пайдаланылуда. Атап айтқанда 2019 жылғы 9 сыныптардағы ОЖСБ рәсімі кешенді тестілеу түрінде қағаз тасымалдағышты, сондай-ақ компьютерлерді қолдану арқылы өткізілді және пәндер тізбесі, тест тапсырмаларының саны және тестілеуді орындау уақыты келесідей болды:

Сынып	Пәндер саны	Пәндер атауы	Тапсырмалар саны	Тестілеу уақыты
9-сынып	2	1. Қазақ тілі- міндетті Таңдау пәндері: 2. Физика 3. Химия 4. География 5. Биология 6. Алгебра 7. Қазақстан тарихы 8. Дүниежүзі тарихы	60	130 минут

Тест құрылымы:

- Қазақ тілінен бір дұрыс жауабы бар 15 тест тапсырмасы мен мәтінді түсіну деңгейін бағалауға арналған 5 тест тапсырмасынан, яғни барлығы 20 тест тапсырмасынан;
- басқа пәндерден – 40 тест тапсырмасы. Оның 25 тест тапсырмасы бір дұрыс жауаппен, 15 тест тапсырмасы бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан құралды.

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар 1 балмен, бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар 2 балмен бағаланды. Бағалау нысаны: барлық дұрыс жауапты таңдағаны үшін – 2 балл, 1 қате жібергені үшін – 1 балл, 2 және одан көп қате үшін – 0 балл берілді. Максималды балл – 75 балды құрады.

2018 жылғы 9 сыныптардағы ОЖСБ ерекшелігі, таңдау бойынша пәндер тізбесінде: алгебра және анализ бастамалары, химия, физика, география, биология, геометрия пәндері болды.

ОЖСБ-ның таңдау пәндері бойынша 40 тест тапсырмасының 2018 жылы 5 тест тапсырмасы контекст негізінде (35+5), яғни функционалдық сауаттылықты анықтауға құрылған болса, 2019 жылы 10 тест тапсырмасы контекст негізінде (30+10) тест тапсырмалары қосылды. Яғни, қазіргі

таңдағы білім саясаты оқушыға пәндік құзыреттілікпен бірге, функционалдық сауаттылық немесе құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытуға бағытталған болса, бағалау объектісінің алдына қойылған мақсатқа сәйкестілігін салыстыру ОЖСБ-ның басты мақсаты, яғни оқу үрдісін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау болып табылады.

2019 жылы республика бойынша 9- сынып оқушыларының саны 247 156 (2018 ж. - 237027) (ҚР БҒМ мәліметі бойынша) құраса және ОЖСБ бойынша тест тапсырғандардың саны – 46 039 (2018 ж. – 43 732) құрады.

1-Кластерлік талдау. 9- сынып оқушыларының ОЖСБ нәтижелерін тест тапсырмаларының орындалу көрсеткіші бойынша салыстыру.

Қазіргі уақытта ОЖСБ нәтижесі орташа балмен көрсетіледі. Ресейлік авторлар И.А.Вальдман, С.А.Боченковтың зерттеулерінде орташа балмен нәтиже көрсеткішін сипаттау дұрыс еместігін атап өтеді [9; 13].

Тест тапсырмаларының (бұдан әрі - ТТ) орындалу көрсеткіші төмендегі формула арқылы есептелінеді.

$$\text{Т.Т. орындалу көрсеткіші (\%)} = \frac{\text{дұрыс жауап берілген Т.Т. саны} * 100\%}{\text{жалпы берілген Т.Т. саны}}$$

Мысалы:

- 1) «Х» мектебіндегі ОЖСБ-ға қатысқан 9 сынып оқушыларының саны – 43
- 2) 43 оқушының барлық ТТ саны - 2580
- 3) Оның ішінде бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауабы бар ТТ барлық саны – 1935 (белгіленуі шартты түрде 5/1)
- 4) 43 оқушы бойынша барлық ТТ-ның 5/1 ТТ-на дұрыс жауап берілген ТТ саны – 1545, олай болса, $\frac{5}{1} \text{ Т.Т. орындалу көрсеткіші (\%)} = \frac{\text{дұрыс жауап берілген } 5/1 \text{ Т.Т. саны} * 100\%}{\text{жалпы } 5/1 \text{ Т.Т. саны}}$

Яғни,

$$\frac{5}{1} \text{ Т.Т. орындалу көрсеткіші (\%)} = \frac{1545 * 100\%}{1935} = 80\%$$

- 5) Оның ішінде көптеген жауап нұсқасынан бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар ТТ барлық саны – 645 (белгіленуі шартты түрде n/n)

- 6) 43 оқушы бойынша барлық ТТ-ның n/n ТТ-на дұрыс жауап берілген және 2 балмен есептелген (толық жауап) ТТ саны – 327,

- 7) 43 оқушы бойынша барлық ТТ-ның n/n ТТ-на дұрыс жауап берілген және 1 балмен есептелген (толық жауап) ТТ саны – 167,

- 8) 43 оқушы бойынша барлық ТТ-ның n/n ТТ-на дұрыс жауап берілген (2 және 1 балл) ТТ барлық саны – 494. Барлық ТТ-ның (2580) 25%-ы n/n болғандықтан, 1 балл (жартылай жауап) берілген ТТ-ларды да жауап берілген деп есептелді.

9)

$$\frac{n}{n} \text{ Т.Т. орындалу көрсеткіші (\%)} = \frac{494 * 100\%}{645} = 77\%$$

- 10) 80% және 77% ТТ орындалу көрсеткіші орташа шамасы – 78%.

Сонымен, «Х» мектебіндегі 43 ОЖСБ-ға қатысқан 9- сынып оқушыларының саны ТТ тапсырмаларының орындалу көрсеткіші - **78%**.

Осылайша, 2018 және 2019 жылдардағы ОЖСБ-ға қатысқан 9- сынып оқушыларының ТТ орындалу көрсеткіші (%) мектеп, аудан, облыс, қала мен ауыл мектептері бойынша шығарылды.

1 кесте. 2019 және 2018 жылғы облыстар бойынша ОЖСБ тест тапсырмаларының орындалу көрсеткішін Республика нәтижесімен салыстыру

2018 жыл			2019 жыл		
	Облыстар	ТТ орындалу көр, %		Облыстар	ТТ орындалу көр, %
1	Алматы қ.	80	1	Алматы қ.	76
2	Шығыс-Қазақстан	64	2	Павлодар	66
3	Нұр-Сұлтан қ.	63	3	Жамбыл	62
4	Ақмола	60	4	Шығыс-Қазақстан	61
5	Қарағанды	56	5	Қостанай	60
6	Жамбыл	55	6	Қарағанды	56
7	Павлодар	54		Республика бойынша	54
8	Қызылорда	54	7	Ақмола	52
	Республика бойынша	53	8	Түркістан	52
1	Ақтөбе	52	9	Ақтөбе	51
2	Атырау	52	10	Қызылорда	49
3	Маңғыстау	50	11	Атырау	47
4	Қостанай	47	12	г.Нұр-Сұлтан	46
5	Батыс Қазақстан	47	13	Алматы	46
6	Солтүстік Қазақстан	43	14	Шымкент қ.	45
7	Алматы	42	15	Батыс Қазақстан	45
8	Оңтүстік Қазақстан	40	16	Солтүстік Қазақстан	40
			17	Маңғыстау	35

Республика бойынша ТТ орындалу көрсеткіші 2018 бен 2019 жылдарда салыстырмалы түрде бірдей шамалас (53-54%). Соған қарамастан республикалық көрсеткіштен жоғары немесе төмен орналасқан облыстар арасында айырмашылық бар. Екі жылғы салыстырмалы көрсеткіш бойынша облыстарды төмендегіше жіктеуге болады:

1. *Тұрақты, жоғарғы позициядағы облыстар:* Алматы қ., Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Жамбыл, Павлодар.
2. *Тұрақты, төменгі позициядағы облыстар:* Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Түркістан, Шымкент қ.;
3. *Жоғарғы позициядан төменгі позицияға ауысқан облыстар:* Ақмола, Қызылорда, Нұр-Сұлтан қ.;
4. *Төменгі позициядан жоғарғы позицияға ауысқан облыс:* Қостанай.

Функционалдық сауаттылықты тексеруге арналған тапсырмалар санының артуына орай 2019 жылғы 9- сыныптың ОЖСБ нәтижесі 3 облыста төмендеген. Осы орайда, 2017, 2018, 2019 жылдардағы жаңартылған білім мазмұны бойынша педагог қызметкерлердің шеберлігін арттыру жұмыстарының деңгейіне, 2012-2016 жылдарға арналған оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған бесжылдық Ұлттық іс-қимыл жоспарында белгіленген іс-шаралардың орындалуына саралау жүргізу қажет [8;11-17]. Сонымен қатар, Қостанай облысы бойынша нәтиже жетістігі осы жылдардағы атқарылған жұмыстарға сараптама жасалып, республика көлеміне таратылуы тиіс деп санаймыз.

2-Кластерлік талдау

2 кесте. 9- сынып оқушыларының ОЖСБ нәтижелерін мектептің орналасу орны бойынша (қала, ауыл) салыстыру

№	Облыс	2018 жыл бойынша				
		Қала		Ауыл		Айырмашылық
		оқушылар саны	ТТ орындалу көр, %	оқушылар саны	ТТ орындалу көр, %	
1	Ақмола	657	65	1320	53	12
2	Ақтөбе	935	59	835	47	12
3	Алматы	1133	45	3036	41	4
4	Атырау	770	53	564	48	5
5	Шығыс Қазақстан	603	74	807	57	17
6	Жамбыл	1906	59	1242	48	11
7	Батыс Қазақстан	775	46	746	48	-2
8	Қарағанды	4158	56	789	50	6
9	Қостанай	787	50	1233	44	6
10	Қызылорда	783	58	1094	49	9
11	Маңғыстау	916	53	360	48	5
12	Павлодар	1632	55	788	49	6
13	Солтүстік Қазақстан	789	45	957	39	6
14	Оңтүстік Қазақстан	3797	40	3679	41	-1
15	Астана қ.	3293	64	0	0	-
16	Алматы қ.	3182	79	0	0	-
	Республика бойынша	26282	57	17450	47	10

№	Облыс	2019 жыл бойынша				
		Қала		Ауыл		Айырмашылық
		оқушылар саны	ТТ орындалу көр, %	оқушылар саны	ТТ орындалу көр, %	
1	Ақмола	1541	54	665	47	7
2	Ақтөбе	1878	51	461	46	5
3	Алматы	2679	50	4223	43	7
4	Атырау	1132	48	1334	45	3
5	Шығыс Қазақстан	2953	62	916	55	7
6	Жамбыл	1346	64	1915	57	7
7	Батыс Қазақстан	1115	47	393	40	7
8	Қарағанды	1895	58	450	40	18
9	Қостанай	988	63	423	39	24
10	Қызылорда	741	50	1257	47	3
11	Маңғыстау	908	42	1140	33	9
12	Павлодар	1669	68	220	56	12

13	Солтүстік Қазақстан	236	43	787	39	4
14	Түркістан	1690	56	4197	50	6
15	Нұр-Сұлтан қ.	1242	49	0	0	-
16	Алматы қ.	4841	74	0	0	-
17	Шымкент қ.	1104	43	0	0	-
	Республика бойынша	27658	58	18381	47	11

Қорытынды:

Жылдар	Қала мектептері бойынша ТТ орындалу көрсеткіші (%)	Ауыл мектептері бойынша ТТ орындалу көрсеткіші (%)	Айырмашылық
2018	57	47	10
2019	58	47	11
Өсім көрсеткіші	1	0	1

2018 және 2019 жылдардағы 9 сынып оқушыларының ОЖСБ нәтижелерінің талдауы бойынша қалалық мектептердің оқушылары ауылдық мектептердің оқушыларына қарағанда жоғары нәтиже көрсетті. Яғни, ОЖСБ тарихындағы қала мен ауыл мектептері бойынша дәстүрге айналған көрсеткіш сақталуда. Дәстүрлі көрсеткішке сәйкес емес Түркістан мен Батыс Қазақстан облысы, себебі аз да болса, бұл облыстағы ауыл мектептерінің ТТ орындау көрсеткіші қала мектебінен жоғары. Алайда, 2018 жылы Шығыс Қазақстан облысы, 2019 жылы Қостанай мен Қарағанды облысы қала мен ауыл мектептерінің айырмашылығы өте жоғары. Яғни, бұл өңірлердегі ауыл мектебінің білім сапасына әсер етуші факторлар міндетті түрде анықталуы қажет деп есептейміз.

3-кластерлік талдау

3- кесте. ОЖСБ-ға қатысушылардың жинаған балдары бойынша талдау (республика деңгейінде)

Жылдар	Тестілеуге қатысушылар саны	оның ішінде				
		0-20 балл	21-40 балл	41-60 балл	61-70 балл	71-75 балл
1 2018	43731	5318	18999	15643	3318	453
	%	12,16	43,45	35,77	7,59	1,04
2 2019	46032	5172	18682	17030	4782	366
	%	11,24	40,58	37	10,39	0,8
Өсім көрсеткіші (%)		0,93	2,86	-1,23	-2,80	0,24

ОЖСБ нәтижесі бойынша 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы республика деңгейінде 0-40 балл аралығында нәтиже көрсеткен оқушылар саны азайғандығы және керісінше 41-70 балл аралығындағы көрсеткіш арта түскендігі байқалады. Алайда, 71-75 балл аралығындағы көрсеткіш азаю қарқынында. Егер тестілеуге қатысқан оқушылар санымен салыстырсақ, онда 21-60 балл аралығындағы оқушылар саны негізгі қатысушылардың 40-50% құрағандықтан білім сапасының көрсеткішін жалпы алғанда орташа деңгей деп тұжырымдауға болады.

4-Кластерлік талдау

4 кесте. ОЖСБ нәтижесі бойынша республика бойынша көрсеткіші ең жоғарғы мектеп пен көрсеткіші ең төменгі мектептің көрсеткіш айырмашылығы (тестілеуге қатысушылар саны 10 адамнан кем болмауы шарт)

Жылдар	ТТ орындалу көрсеткіші	Мектеп атауы	Қатысқан оқушылар саны	ТТ орындалу көрсеткіші ең төменгі %	Мектеп атауы	Қатысқан оқушылар саны
--------	------------------------	--------------	------------------------	-------------------------------------	--------------	------------------------

	ең жоғарғы %					
2018	94	Алматы қ. №164 ЖББМ	42	21	Алматы обл., Сарқан ауд., М. Тынышбаев ат. ЖББМ	28
2019	94	Алматы қ. "Ж.Жабаев ат. №161 Лицей"	69	21	Түркістан обл., Мақтарал ауд., А. Фердауси ат. №24 орта мектеп	63

2018 – 2019 жылдарда ТТ орындалу көрсеткіші бойынша ең жоғарғы және ең төменгі мектеп көрсеткішінің айырмашылығы 73%-ды құрады.

Яғни, ТТ орындалу көрсеткіші айырмашылығының аз болуының маңызы зор. «Айырмашылық» неғұрлым қысқарған сайын, соғұрлым мектептертің сапалы білімге қолжетімділігі теңеле түседі. 2018 -2019 жылдардағы ОЖСБ нәтижесі бойынша айырмашылық жоғары.

Сонымен, негізгі мектеп бойынша ОЖСБ нәтижелерінің қорытындыларын облыс, аудан, мектеп деңгейінде әр түрлі кластерлер бойынша талдауға болады. Бұл ретте, ОЖСБ нәтижелерін пайдаланушылар тобын анықтай отырып әр топқа қажетті ақпаратты ұсынуудың маңызы зор.

ОЖСБ нәтижелерін қолданушылар:

- Саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері
- Білім саласын басқарушылар
- Стандарт авторлары
- Оқулық авторлары
- Педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесінің өкілдері
- Әдістемелік қызмет
- Педагогикалық өлшеу саласының мамандары
- Зерттеушілер
- Ата-аналар
- БАҚ.

Бүгінгі таңда, ОЖСБ нәтижелерінің ақпараты өз қолданушысына қажетті деңгейде талдау жасалып таратылмайды. 9- сынып оқушыларының ОЖСБ нәтижелерін 2017 және 2018 жылдар бойынша облыстар бойынша орташа балл деңгейіндегі талдауы қолданушылардың қажетін қанағаттандырмайды [9; 316]. Яғни, әр қолданушының өзіндік қажеттілігін ескере отырып, ОЖСБ нәтижелерін жүйелі, бағытталған тұрғыда талдау және оны білім саласындағы уәкілетті органның, Ұлттық тестілеу орталығының т.б сайттары арқылы қолданушыларға жеткізу болашақта білім сапасын жақсарту жолдарын қарастыратыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Страновой обзор ОЭСР «Перспективы образовательной политики. Профиль страны: Казахстан», декабрь 2018 г.
2. Управление качеством образования / под ред. М.М.Поташника. – М., Издательство Педагогическое общество России, серия «Образование XXI века», 2006.
3. 27.07.2007ж. № 319-III «Білім туралы» ҚР Заңы: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
4. Туймебаев Ж.К., Балыкбаев Т.О., Омирбаев С.М., Сагиндинов И.У., Нефедова Л.В. Национальная система оценки качества образования Республики Казахстан: принципы и перспективы развития. Астана, 2007.
5. Бахишева С. Управление качеством образования: роль оценки контроля. Білім берудегі менеджмент/Менеджмент в образовании. 2014. №2

6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы»: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000460>
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қаулысы: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000460>
9. Боченков С. А., Вальдман И.А. Интерпретация и представление результатов ЕГЭ: проблемы и возможные решения. Вопросы в образовании. 2013. №3. С. 5–24: https://vo.hse.ru/data/2014/08/04/1314337503/2013-3_Bochenkov_Valdman.pdf
10. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы Ұлттық баяндама. 2018 жыл қорытындысы бойынша. Нұр-Сұлтан: «Ақпараттық - талдау орталығы» АҚ, 2019

ВОПРОСЫ ТОЛКОВАНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО МОНИТОРИНГА

К.С. Абдиев¹, Б.Ш. Амзеева²

¹ д.п.н., профессор, Алматы, Казахстан

² магистрант специальности 6М012400 - Педагогические измерения,

^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
email: amzeevabsh@mail.ru

В статье проанализирована важность истолкования результатов Национальных мониторингов в управлении качеством образования и результаты внешней оценки учебных достижений 9-х классов за 2018 и 2019 годы. Анализ проводился по таким кластерам, как школа, область, район, и учитывалось месторасположение школ. В ходе обработки, интерпретации и анализа результатов ВОУД авторы статьи использовали как научные методы, так и свой опыт в этой области. Результаты, полученные в ходе исследования, представляются руководителям различных уровней в области образования, учителям.

Ключевые слова: управление качеством образования, Национальный мониторинг, внешняя оценка учебных достижений, функциональная грамотность, кластерный анализ

THE CLARIFICATION OF THE RESULTS OF THE NATIONAL MONITORING

K.S. Abdiev¹, B.Sh. Amzeeva²

¹ Ph. D., Professor,

² 2nd year master's degree student 6M012400 - Pedagogical measurements

^{1,2} Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
email: amzeevabsh@mail.ru

In the article the importance of interpreting the results of National monitoring in the management of education quality and the results of External Assessment of Educational Achievements (EAEA) of the students of 9th grade for 2018 and 2019 were analyzed. The analysis was made according to such the clusters as School, Region, District and we took into consideration the location of the schools. In the course of processing, interpretation and analysis of the results of EAEA, the authors of the article used both scientific methods and their experience in this field. The results obtained in the course of the study are presented to heads of different levels of the system of education, teachers.

Key words: management of education quality, national monitoring, interpretation, External Assessment of Educational Achievements

Редакцияға 29.11.2019 түсті